

**«Институционалдық ынтымақтастықты нығайту арқылы Қазақстандағы медбике ісінің дамуы» Халықаралық конференциясының
РЕЗОЛЮЦИЯСЫ**

Назарбаев Университетінің
Медицина Мектебі

Нұр-Сұлтан 23-24 мамыр 2019

23-24 мамырда 2019 жылы Назарбаев Университеті Медицина Мектебінің негізінде «Институционалдық ынтымақтастықты нығайту арқылы Қазақстандағы медбике ісінің дамуы» атты Халықаралық конференциясы өтті. Аталған конференция ProInCa жобасының шеңберінде ұйымдастырылды.

Қазақстандағы медбике саласындағы білім беруді дамыту үшін конференцияға қатысқандардың арасында Денсаулық сақтау, Білім беру және ғылым министрліктерінің өкілдері, Денсаулық сақтау республикалық даму орталығы, Денсаулық сақтау жөніндегі аймақтық ұйымдар, Медбикелерің ұлттық және аймақтық бірлестіктері, Медициналық жоғары оқу орындарының өкілдері және Финляндия, Нидерланды мен Словенияның халықаралық сарапшылары болды.

Отырыстар мен семинарлар медбике ісіндегі және медбике зерттеуіндегі көшбасшылық тақырыптарына арналған және ProInCa жобасының қазақстандық пен еуропалық серіктесетрінің презентацияларын қарастырды.

Қатысушылар медбике ісінің жеке мамандық ретінде болып, PhD деңгейіне дейін баратындығын қолдады. Олардың ойларына осы бағыттағы медбике ісінің дамуы денсаулық сақтау қызметтерінің дамуы және емделушілердің күту қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Конференцияда Қазақстан Республикасындағы медбике ісі саласында институционалдық ынтымақтастықтың дамуы туралы белсенді талқылау сәтті түрде өткізілді. Халықаралық медбике қауымдастығының және білім бері өкілдері медбике ісі саласындағы институционалдық нығайту келесі нәтижелерге әкелетініне сенімді:

1. медбике ісі саласындағы институционалдық нығайту медбикелерге, зерттеушілерге, оқытушыларға ақпарат алмасу көзі ретінде тұғырнаманың әзірленуін қолдайды;
2. кәсіби медбике тәжірибесіндегі жаңа ақпараттың бірлесуін күшейтеді;
3. медбике ісі зертеу саласындағы бірлескен ұлттық және халықаралық жобалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;
4. жаңа «кеңейген тәжірибесі бар медбике» жаңа рөлі мен медбике қызметін басқаруда жаңа медбике рөлдерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;
5. медбике мамандығының қоғамдық беделін күшейтеді, оған қоса, медбике күтімі сапасын және емделушілердің қауіпсіздігін нығайтады;

6. мүмкіндіктің күшейтуіне бағытталған жоғары сапалы бағдарламалардың әзірленуіне ықпал етеді;

Талқылаудың нәтижесінде Конференцияға қатысушылар келесі **қорытындыға** келді:

- «Медбике ісі жетілдіру ортылығы» атты электрондық тұғырнаманың қолданушыларға жақсы жобаланған, ыңғайлы болуы міндетті. Бұл медбике, оқытушылар, зерттеушілер мен менеджерлер қатысуының кеңейтілуіне ықпал етеді;
- CNE тұғырнамасы түрлі ақпараттарды қамтамасыз етуі тиіс, олардың арасында заманауи клиникалық нұсқау мен алгоритмдер, медбикелерге және академиялық жұмыскерлерге арналған үйретуші мәліметтер;
- ғылыми-зерттеу жобаларды әзірлеуде институционалдық ынтымақтастықты күшейтеді;
- медбикелердің жаңа құзыреттеріне (сандары, жаңа позициялар) сәйкес денсаулық сақтау ұйымдар құрылымдарын реформалауға белсенді қатысу тиіс;
- кеңейтілген тәжірибесі бар медбикелер мен денсаулық сақтау ұйымдарындағы орынбасарларға арналған қызметтер құрылады және тиісті жалақыны қолдайды;
- ғылыми негізделген тәжірибені құруын және денсаулық сақтау саласындағы медбикелердің тәуелсіз рөлін дамытуды қамтамасыз етеді;
- медбике ісі бойынша ұлттық клиникалық нұсқауды тәжірибе жүзіне енгізеді және оны әзірлеруде ынтымақтастық ұйымдастырады;
- медбике ісінің қызметкерлеріне арналған мүмкіндіктердің дамыту жоспарын әзірлеуге ықпал етеді;
- медбике ісі оқытушыларының біліктілігін арттырады және халықаралық ақпарат қорларын қолдайды;
- медбике ісі бітірушілерінің біліктілігін арттыру мақсатында ұлттық білім беру мәліметтерін қолдануды кеңейтеді.

«Институционалдық ынтымақтастықты нығайту арқылы Қазақстандағы медбике ісінің дамуы» Халықаралық конференциясының қатысушылары
Назарбаев Университетінің Медицина Мектебі